

Солтүстік Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 514 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 9 ақпанда N 3610 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39-бабы 2) тармақшасына және 116-бабы 2-тармағына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) бекітілген Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларының 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар белгіленсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары, белдеулері;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

Е. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігі Су ресурстары
комитетінің Су ресурстарын
пайдалануды реттеу және қорғау
жөніндегі Есіл бассейндік
инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
Солтүстік Қазақстан су
ресурстарын кешенді пайдалану
аумақтық бөлімінің басшысы

А. Қожанов

2015 жылғы 31 желтоқсандағы
"Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау комитетінің
Солтүстік Қазақстан облысы
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаменті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
2015 жылғы 31 желтоқсандағы

М. Жексембин

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы 31
желтоқсандағы № 514 қаулысына 1-
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары, белдеулері

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 05.04.2017 № 134 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2021 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 04.05.2022 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен; 16.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен; 14.06.2023 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.11.2023 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.03.2024 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2025 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.06.2025 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

№	Су айдынының атауы	Орналасқан жері (аудан, ауылдық округ, елді мекен)	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
1	2	3	4	5
Өзендер				
1	Есіл өзені	Ғабит Мүсірепов атындағы, Шал ақын, Есіл, Қызылжар	1000	100
2	Ақанбұрлық өзені	Ғабит Мүсірепов атындағы, Айыртау	500	100

3	Иманбұрлық өзені	Шал ақын, Айыртау	500	100
4	Жембарақ өзені	Ғабит Мүсірепов атындағы	500	35-100
5	Мұқыр өзені	Ғабит Мүсірепов атындағы	500	35-38
6	53°31'46.09" солтүстік ендіктен, 67°4'12.03" шығыс бойлықтан 53°31'33.39" солтүстік ендікке, 67°3'46.77" шығыс бойлыққа дейінгі географиялық координат тұстамасындағы Шудасай өзенінің учаскесі	Шал ақын, Юбилейный, Ұзынжар	500	75
7	Аралтөбе өзені	Айыртау	500	35-55
8	Қамсақты өзені	Айыртау, Есіл	500	35-55
9	Құланайғыр өзені (К С Т - 6 2 " Еленовка-Арықбалық-Чистополье-Есіл 17-209 километр" облыстық маңызы бар автомобиль жолының 159 километріндегі көпірді күрделі жөндеу учаскесі)	Ғабит Мүсірепов атындағы, Чистополь, Ялты	500	35
10	"Дәуіт-1" кен орнының тау-кен телімі географиялық координат тұстамасындағы Шат өзенінің учаскесі	Ақжар, Ленинград, Ленинградское	500	75
11	Шарық өзені (Шарық су қоймасын қоспағанда)	Ғабит Мүсірепов атындағы	500	35-55
12	52°55'27.00" солтүстік ендіктен, 72°51'21.00" шығыс бойлықтан 52°58'20.00" солтүстік ендікке, 72°57'16.00"	Уәлиханов, Қайрат		35

	шығыс бойлыққа дейінгі географиялық координат тұстамасындағы Шат өзенінің учаскесі		500	
13	52°56'54.00" солтүстік ендіктен, 72°45'47.00" шығыс бойлықтан 52°58'22.00" солтүстік ендікке, 72°57'15.00" шығыс бойлыққа дейінгі географиялық координат тұстамасындағы Семізбай өзенінің учаскесі	Уәлиханов, Қайрат	500	35
14	Бабықбұрлық	Айыртау, Ғабит Мүсірепов атындағы	500	35
15	Битеке	Ғабит Мүсірепов атындағы	500	35-100
16	53°21'4.57" солтүстік ендіктен, 66°55'24.66" шығыс бойлықтан 53°21' 2.55" солтүстік ендікке 66°57'27.88 " шығыс бойлыққа дейінгі географиялық координат тұстамасындағы Есіл өзені саласының участкесі	Шал ақын, Юбилейный	500	55
Көлдер				
Айыртау ауданы				
17	Жетікөл көлінің учаскесі (" Агро-Елецкое" ЖШС суармалау жүйесі шегінде)	Елецкий	500	35
	Жақсы-Жалғызтау көлі участкесі (№ 15- 157-062-148, № 15- 157-062-145, № 15- 157-062-042 және №			

18	15-157-062-164 "Исағали" ЖШС жер учаскелерінің шекаралары шегінде)	Нижнебурлук	500	35
Ақжар ауданы				
19	Қомбайсор	Ленинград, Дәуіт	500	50
Аққайың ауданы				
20	Кіші Тоқшын	Тоқшын, Тоқшын	300	50
21	Шағалалытеңіз	Қиялы	500	50
22	Базарал	Аралағаш, Аралағаш	500	50
23	Байсал	Аралағаш, Амангелді	300	50
24	Ақсуат	Аралағаш, Рублевка	300	50
25	Круглое	Аралағаш, Рублевка	300	50
26	Кіші Балықты	Смирнов	500	50
27	Жалтыр	Григорьев, Григорьевка	500	50
28	Құндыкөл	Полтав, Полтавка	300	50
Есіл ауданы				
29	Полоустное (Полонское)	(Петров, Покров, Петровка	300	50
30	Моховое көлінің учаскесі ("Явленское-МТС" ЖШС суармалау жүйесі шегінде)	Спасов	300	35
31	Жаркөл	Спасов	300	50
Жамбыл ауданы				
32	Екатериновское	Казанка, Екатериновка	500	50
33	Питное	Преснов (Железний)	300	50
34	Курганское	Казанка, Усердное	300	50
35	Кабань	Первомай, Кабань	300	50
36	Суаткөл	Жамбыл	300	50
37	Мұжық	Озерный	300	50
38	Жалтырша	Майбалық	300	50
39	Далагүл	Благовещенка, Майбалық	300	50
40	Питное	Преснов, Островка	500	50
41	Жекекөл	Благовещенка, Благовещенка	300	50
42	Жарағаш	Благовещенка, Благовещенка	300	50

43	Лапушки	Преснов (Железний)	300	50
44	Купальное	Преснов (Железний)	300	50
45	Лагерное	Преснов, Пресновка	300	50
46	Шырықмай	Майбалық	300	50
47	Ақбалық	Озерный	300	50
48	Горькое	Казанка, Мирный, Екатериновка	500	50-55
49	54°38'43.38" солтүстік ендіктен, 67°7'7.87" шығыс бойлықтан 54°38'43.03" солтүстік ендікке, 67°7'31.54" шығыс бойлыққа дейінгі географиялық координат тұстамасындағы Плеханов көлінің учаскесі	Преснов	300	35
Қызылжар ауданы				
50	Логунов	Соколов, Соколовка	300	50
51	Сергин	Налобин, Виноградов	300	50
52	Дубровное	Налобин, Дубровное	300	50
53	Гайдуков	Налобин, Гайдуков	300	50
54	Жалтыр	Рассвет, Рассвет	300	50
55	Лебеденок	Налобин	500	50
56	Сиверга	Налобин	500	50
57	Соленое	Лесной, Якорь	500	50-75
58	Пестрое	Петропавл қаласы, Прибрежный, Тепличное	300	35-50
59	Лебяжье	Вагулин, Вагулин	500	50
60	Бугровое	Бугровое, Бугровое	300	50
61	Земляное	Бугровое, Бугровое	300	50-55
62	Курейное	Налобин, Гайдуков	300	50
Мамлют ауданы				
63	Белое	Белое, Белое	500	100
64	Щучье	Белое, Щучье	300	50
65	Студеное	Белое	300	50
66	Степное	Белое	300	50

67	Казачье	Дубровин, Михайловка	300	50
68	Пруд	Краснознамен, Беловка	300	50
69	Кривые	Дубровин, Дубровное	300	50
70	Каменное	Белое, Белое	500	100
71	Чистое	Белое, Чистое	300	50
72	Меңгесер	Қызыләскер, Новомихайловка	500	100
73	Бесқамыс	Краснознамен, Калугин	300	50
74	Федосейкин	Воскресенов, Воскресеновка	300	50-55
75	Жаргин	Белое, Белое	300	50
76	Каменное	Белое, Мамлютка	300	50
77	Таловое (Талое)	Пригород, Покровка	300	50
78	Беленок	Белое, Белое	300	50
79	Уделов	Белое	300	50
80	Уделенок	Белое	300	50
81	Краснознамен	Краснознамен, Краснознаменское	300	50
82	Прудок	Краснознамен, Калугин	300	50
83	Тетеркин	Белое	300	50
84	Куропаткин	Белое	300	50
85	Большой Черок	Дубровин, Михайловка	300	50
86	Желтое	Воскресенов, Становое	300	50-75
87	Становое	Воскресенов, Новомихайлов, Леденев	500	35
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан				
88	Ұлықөл	Бірлік, Рузаевка	500	50
89	Шарық су қоймасы	Андреевка, Көкалажар, Андреевка	500	100
Мағжан Жұмабаев ауданы				
90	Бірінші	Лебяжье, Лебяжье	300	50
91	Екінші	Лебяжье, Лебяжье	300	50
92	Зарослое	Аққайың (Гаврин), Зарослое	300	50
93	Рявкин	Бәйтерек (Фурманов), Рявкин	500	50

94	Питное	Полудин, Полудин	500	50
Тайынша ауданы				
95	Жамантұз	Рощин	500	35-75
96	Кішкенесор	Рощин	500	35-75
97	Сарыбай	Рощин	500	35-100
98	Қалибек (Үшсай көлін ескере отырып)	Тихоокеан, Зеленогай, Чкалов, Яснополян	500	35
Тимирязев ауданы				
99	Ақсуат	Дзержинск, Москворецк, Москворецкое	500	50
100	Жарқын	Дмитриев, Дмитриевка	500	50
101	Дмитриевка	Дмитриев, Дмитриевка	300	50
102	Құмдықөл	Целинный, Хмельницкий	500	50
103	Әлпаш	Тимирязев, Комсомол	500	100
Уәлиханов ауданы				
104	Жамантұз	Қайрат	500	100
105	Теке	Бидайық, Ақтүйесай, Телжан, Амангелді	500	35
Шал ақын ауданы				
106	Жалтыр	Аютас, Семипол	500	100

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы 31
желтоқсандағы № 514 қаулысына 2-
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 28.12.2018 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; 16.03.2023 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым,

кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін, балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға, осы тармақшаның ережелері су қорғау белдеулері шекараларының шегінде 2009 жылғы 1 шілдеге дейін тұрғызылған ғимараттар мен құрылыстардың пайдаланылуына қолданылмайды, бұл ретте оларды пайдалануға ұйымдастырылған, орталықтандырылған кәріз, ластанған ағынды суларды бұрып жіберудің және тазалаудың өзге жүйесі немесе ішіндегі заттарды әкетуді қамтамасыз ететін су өтпейтін науалар болған кезде ғана жол беріледі;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылыстармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 17.03.2025 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылыстармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) жол берілмейді.